

Шектеулі кепілдік

Шығарушы - кәсіпорын «Research In Motion Limited» («RIM») және оның еншілес кәсіпорны «Research In Motion UK Limited» № 4022422, Centrum House, 36 Station Road, Egham, Surrey, UK, TW20 9LF мекенжайы бойынша тіркелген, «BlackBerry» Тасымалды өнімін (әрі ол «BlackBerry Cradle» бірге «BlackBerry»-дің Аппараттық қамтамасыз етуін құрайды), столүстілік жүйелерге арналған «BlackBerry»-дің Бағдарламалық қамтамасыз етуін, сондай-ақ деректер мен құжаттарды сымсыз беру қызметін қоса алғанда, «BlackBerry» Шешімінің жеткізушісі болып табыла отырып, Сізге ақырғы пайдаланушыға («Сіз») ақырғы пайдаланушы ретінде Сіз «BlackBerry»-дің Аппараттық қамтамасыз етуін бастапқы сатып алған күнінiзден бастап бір (1) жылға тең болатын кезең ішінде (бұдан әрі мәтін бойынша «Кепілдік кезеңі»), сондай-ақ «BlackBerry»-дің Аппараттық қамтамасыз ету бұйымы мен материалдарының сапасына кепілдігін береді. Осы Шектеулі кепілдік оны басқаға беру құқығынсыз беріледі. Кепілдік кезеңі ішінде «BlackBerry»-дің Аппараттық қамтамасыз етуінің бір немесе одан астам бөлшектерінің жөнделуі немесе ауыстырылуы қамтамасыз етіледі, мұндайда қосалқы бөлшектер немесе істелген жұмыс үшін ақы алынбайды. Кепілдік кезеңі ішінде «BlackBerry»-дің Аппараттық қамтамасыз етуі (немесе оның бөлшегі) ауыстырылған немесе жөнделген жағдайда, кепілдік кезеңі жөнделгеннен немесе ауыстырылғаннан кейін 91-і күн өткен соң немесе бастапқы сатып алынған күннен бастап бір жыл өткен соң аяқталады. **«BlackBerry» Тасымалды өнімін пайдаланушының Нұсқаулығына «BlackBerry»-дің Аппараттық қамтамасыз етуін пайдаланатын клиенттерге қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарға назар аударыңыз.**

Осы Шектеулі кепілдік әдеттегі тозуға немесе «RIM»-нің уәкілетті емес тұлғаларымен «BlackBerry»-дің Аппараттық қамтамасыз етуі ашылған немесе бөлшектерін жөндеген жағдайларға; «BlackBerry»-дің Аппараттық қамтамасыз етуін дұрыс пайдаланбауы, оның ылғалдануы немесе оған сұйықтықтың тигені, жылудың әсер етуі, кездейсоқтық, дұрыс пайдаланбауы немесе қолданбауы, «RIM»-нің уәкілетті тұлғаларынан немесе «RIM»-нің қызмет көрсету жөніндегі уәкілетті агенттерінен өзге тұлғалар жасаған жөндеуі немесе түрлендіруі нәтижесінде туындаған салақтық немесе ақаулар нәтижесінде зақымданған «BlackBerry»-дің кез келген Аппараттық қамтамасыз етуін жөндеу немесе ауыстыру жағдайларына қолданылмайды. Осы Шектеулі кепілдік шеңберінде «BlackBerry»-дің Аппараттық қамтамасыз етуінің бетінде, сұйықкристалды экрандағы жарықтық немесе сызақты қоса алғанда, болған нақты зиян өтелмейді. Осы Шектеулі кепілдік осы шектеулі кепілдікте айқындалған «BlackBerry»-дің Аппараттық қамтамасыз етуінен өзге қандай да бір құрал-жабдыққа және перифериялық аппаратура келтірген зиянға қолданылмайды. Сондай-ақ осы Шектеулі кепілдік «BlackBerry»-дің Аппараттық қамтамасыз етуін “RIM” бекітпеген және ұсынбаған қосымша құрылғылармен, өнімдермен, қызметтермен қосалқы немесе перифериялық құрал-жабдықтармен бірге пайдалану нәтижесінде дұрыс жұмыс істемеуі жағдайында, сондай-ақ “RIM” «BlackBerry»-дің Аппараттық қамтамасыз етуі мұндай дұрыс жұмыс істемеудің себебі болып табылмайды деп айқындаған жағдайларда қолданылмайды. Сондай-ақ, егер дұрыс жұмыс істемеудің себебі пайдаланушының «BlackBerry»-дің Аппараттық қамтамасыз етуінен, столүстілік жүйелерге арналған «BlackBerry»-дің Бағдарламалық қамтамасыз етуінен тұратын, сондай-ақ солармен байланысты деректер мен құжаттаманы сымсыз беру қызметінен («BlackBerry» Шешімі) тұратын, «BlackBerry» Шешімінің пакетінде ұсынылған қауіпсіздік жөніндегі ережелерді сақтамауы болып табылса Шектеулі кепілдіктің күші жойылуы мүмкін, егер оның күші жойылмайтын болса, ол жоғарыда сипатталған жағдайларға қолданылмауы тиіс. Деректерді резервтік көшіру «BlackBerry»-дің Аппараттық қамтамасыз ету пайдаланушысының жауапкершілігі болып табылады. “RIM” кез келген уақытта зақымдануы немесе жоғалынып қалуы мүмкін деректер үшін, бірақ «BlackBerry»-дің Аппараттық қамтамасыз етуіне қызмет көрсеткен кезде немесе синхронизациялау Бағдарламалық қамтамасыз етуін пайдалану арқылы жоғалған немесе зақымданған деректермен шектелмей, жауап бермейді. «RIM» немесе «RIM»-нің сатушылары «BlackBerry» Шешімінің бір бөлігі ретінде үшінші тұлғалар немесе мобильді байланыс операторлары арқылы сымсыз байланыстың кез келген қызметін ұсынған жағдайда, «RIM» сымсыз байланыстың әрқашанда қол жетерлігіне немесе қызмет етуіне кепілдігін бермейді. Сіз мобильді байланыс операторымен олардың «BlackBerry» Шешіміне қатысты қандай кепілдіктер мен қызмет көрсету деңгейін ұсынатындықтарын айқындау үшін хабарласуға

тиістісіз. Осы және басқа себептермен деректерді төтенше жағдайларда берген кезде, қауіп төнген жағдайда немесе өте маңызды жағдайларда «BlackBerry» Шешіміне жүгінуге болмайды; «RIM» өзінің атынан да, өзінің сатушыларының атынан да мұндай сенім білдіру немесе Сіздің «BlackBerry» Шешімін пайдалануыңыз үшін сымсыз байланысты орнату мүмкін еместігі нәтижесінде, шектеусіз, Сіз «BlackBerry» шешімін пайдаланғыңыз келетін салада ұсынылатын қызметтердің жеткіліксіздігін қоса алғанда, болған оқиғаларға немесе келтірілген зиянға қатысты өзіне ешқандай да міндеттемелерді қабылдамайды.

«BLACKBERRY» АППАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІН НЕ ОНЫҢ ЗАҚЫМДАЛҒАН БӨЛШЕГІН ЖӨНДЕУ НЕМЕСЕ АУЫСТЫРУ «BLACKBERRY» ШЕШІМІН САТЫП АЛУМЕН ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУМЕН БІРГЕ ҰСЫНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚТАРДЫ ЭКСКЛЮЗИВТІ ҚОРҒАУ ҚҰРАЛДАРЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ОСЫ АРҚЫЛЫ «RIM», ӨЗ АТЫНАН, ӨЗІНІҢ ДИСТРИБЬЮТОРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ «BLACKBERRY» ШЕШІМІН САТУШЫЛАРЫНЫҢ АТЫНАН, СОНДАЙ-АҚ «RIM»-НІҢ БАҚЫЛАУЫНДАҒЫ НЕМЕСЕ БІРЛЕСКЕН БАҚЫЛАУЫНДАҒЫ КЕЗ КЕЛГЕН КОМПАНИЯНЫҢ НЕ «RIM»-НІҢ ЕНШІЛЕС КӘСПОРНЫНЫҢ АТЫНАН (БІРЛЕСІП «RIM КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ», АЛ ЖЕКЕ-ЖЕКЕ «RIM ТОБЫНЫҢ КОМПАНИЯСЫ») БАРЛЫҚ ӨЗГЕ КЕПІЛДІКТЕРДЕН, ШАРТТАРДАН, ӨКІЛДІКТЕРДЕН, САПАСЫНЫҢ ЗАҚЫМДАНУЫНАН НЕМЕСЕ ТАУАР ЖАҒДАЙЫНЫҢ, КОММЕРЦИЯЛЫҚ САПАСЫНЫҢ, ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ САПАНЫҢ, МАҚСАТҚА САЙ ПАЙДАЛАНУ СӘЙКЕСТІГІНІҢ, АТАУЫНЫҢ, ЗАҢ АКТІЛЕРІНІҢ, ӘДЕТ-ҒҰРЫП, ІСКЕРЛІК ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ӘДЕТТЕГІ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ НЕМЕСЕ САУДА ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ НӘТИЖЕСІ РЕТІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН ШАРТТАРДЫ НЕМЕСЕ КЕПІЛДІКТЕРДІ САҚТАУ КЕПІЛДІКТЕРІМЕН ШЕКТЕЛМЕЙ, АЙҚЫНДАЛҒАН НЕМЕСЕ ЖОБАЛАП ТҮСІНІЛГЕН КЕПІЛДІКТЕРДІҢ КЕЗ КЕЛГЕН ТҮРІНЕН БАС ТАРТАДЫ. ОСЫ ТАРМАҚ СІЗ, ТҰТЫНУШЫ РЕТІНДЕ, ОСЫНДАЙ МІНДЕТТІ ЗАҢДЫ ҚҰҚЫҚТАРМЕН БЕРІЛГЕН ДӘРЕЖЕДЕ СІЗДІҢ МІНДЕТТІ ЗАҢДЫ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗҒА ӘСЕР ЕТПЕЙДІ.

СІЗДІҢ МЕМЛЕКЕТІҢІЗДІҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАСЫМЕН ТІКЕЛЕЙ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЖАҒДАЙЛАРДЫ ҚОСПАҒАНДА, ЕШБІР ЖАҒДАЙДА «RIM» НЕМЕСЕ «RIM» ТОБЫНЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН КОМПАНИЯСЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ПАЙДАЛАНУДАН НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІН ЕМЕСТІГІНЕН ТУЫНДАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ЖАНАМА, КЕЗДЕЙСОҚ, ӘДЕЙІ НЕМЕСЕ АҚЫЛҒА ҚОНЫМДЫ ШЫҒЫНДАР НЕ ЗИЯН ҮШІН (ШЕКТЕУСІЗ, КӘСПОРЫННЫҢ КІРІСТІ ЖОҒАЛТУЫНАН БОЛҒАН ШЫҒЫНДЫ, ӨНДІРИСТЕГІ ҮЗІЛІСТІ, БИЗНЕС АҚПАРАТТЫ ЖОҒАЛТУДЫ НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ МҮЛІКТІК ЗИЯНДЫ ҚОСА АЛҒАНДА), ЕГЕР «RIM» ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ «RIM» ТОБЫНЫҢ КОМПАНИЯСЫ МҮНДАЙ ЗИЯННЫҢ МҮКІНДІГІ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТІЛСЕ ДЕ, ЖАУАПКЕРШІЛІК КӨТЕРМЕЙДІ. ОСЫ ШЕКТЕУ МҮНДАЙ ЗИЯНДЫ ӨТЕУ ТУРАЛЫ ШАҒЫМНЫҢ, ОЛ БОЙЫНША БЕРІЛГЕН ТАЛАПТАРДЫҢ, ДЕЛИКТИДЕН НЕМЕСЕ ШАРТТАН, НЕ КЕПІЛДІКТЕН ТУЫНДАЙТЫН ШАҒЫМДАРДЫҢ НЕМЕСЕ ТАЛАПТАРДЫҢ БОЛУЫН ЕСКЕРМЕСТЕН НЕ КЕЗ КЕЛГЕН ӨЗГЕ ЗАҢҒА НЕ НОРМАЛАРҒА СӘЙКЕС, ҚАЙТЫС БОЛҒАН НЕ ЖАРАҚАТ АЛҒАН ЖАҒДАЙДА МІНДЕТТЕМЕЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ҚОСПАҒАНДА, ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ; МҮНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА «RIM»-НІҢ, «RIM» КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ЖӘНЕ КЕЗ КЕЛГЕН УӘКІЛЕТТІ ДИСТРИБЬЮТОРЛАРЫНЫҢ НЕМЕСЕ «BLACKBERRY» ШЕШІМІН САТУШЫЛАРЫНЫҢ ОСЫ КЕЛІСІМГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТУЫНДАЙТЫН ШЫҒЫН НЕМЕСЕ ЗИЯН ҮШІН СІЗДІҢ АЛДЫҢЫЗДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚАНДАЙ ДА БІР ШЕКТЕУЛЕР ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ; МҮНДАЙДА ӨТЕМАҚЫ СОМАСЫ ЖАЛПЫ «BLACKBERRY»-ДІҢ ЗАҚЫМДАНҒАН АППАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІНІҢ ҚҰНЫНАН АСПАУЫ ТИІС. Осы Келісімнің бірде бір тармағы «RIM»-нің, оның қызметкерлерінің немесе агенттерінің салақтығымен тікелей байланысты өлім не жарақат алу жағдайында туындайтын кез келген міндеттеменні алып тастамауы не оны алып тастауға немесе басқаша тәсілмен оны шектеуге бағытталмауы тиіс.

«BLACKBERRY» БАҒАДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ СЕРВЕРІНЕ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІНЕ, БАРЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАСЫНА ЖӘНЕ «BLACKBERRY» АППАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІНДЕ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ САҚТАЛАТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ҚОНДЫРЫЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІК СІЗГЕ ЖЕКЕ ҰСЫНЫЛАТЫН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ КЕЛІСІМІНДЕ ЖЕКЕ ҰСЫНЫЛАДЫ. БӨЛЕК ТАПСЫРЫС ЖАСАЛҒАН «BLACKBERRY»-ДІҢ КЕЗ КЕЛГЕН ҚОСЫМША ҚҰРЫЛҒЫСЫНА ҚАТЫСТЫ ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІК МҮНДАЙ ҚОСЫМША ҚҰРЫЛҒЫҒА ҚОСА БЕРІЛЕТІН ЖЕКЕЛЕГЕН ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІКПЕН ҰСЫНЫЛАДЫ.

«RIM»-ді қандай да бір міндеттемені орындаудан босату тұрақты босату немесе қандай да бір өзге міндеттемені орындаудан босату ретінде қаралмауы тиіс.

Осы Шектеулі кепілдік коллизиялық құқықты реттейтін нормалардың жүйесін қоспағанда, Англияның және Уэльстің заңдарын басшылыққа алады әрі соларға сәйкес түсіндіріледі. Осы Шектеулі кепілдіктің Тараптары (бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталады) осы арқылы Біріккен Ұлттар Ұйымының осы Шектеулі кепілдікке қатысты Халықаралық сауда келісім-шарттары туралы конвенцияның ережелерін қолдану толығымен алынып тасталатындығымен келіседі. Шектеулі кепілдікпен байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктер мен даулар ең ақырында арбитраждық сотта реттелуі тиіс. Арбитрдің шешімі түпкілікті әрі Тараптардың сақтауы үшін міндетті болып табылады (айқын қате болған жағдайда өзге көзделеді). Арбитрдің шешімі негізделген әрі жазбаша түрде болуы тиіс. Арбитрдің шешімімен арбитр мақсатқа лайық деп санайтын ара қатынаста Тараптар төлейтін арбитраждық өндірістің құны көзделуі тиіс. Сіздің мемлекетіңіздің қолданыстағы заңнамасымен рұқсат етілген шекте тыңдау: (i) Лондонда, Англияда; (ii) Англияның заңнамасы бойынша; (iii) ағылшын тілінде; (iv) Халықаралық сауда палатасының арбитраж ережесіне сәйкес («Ереже»); және (v) жоғарыда көрсетілген Ережеге сәйкес тағайындалған бір арбитрмен өткізілуі тиіс; арбитрдің кандидатурасы Тараптармен арбитр тағайындалған күннен бастап 30 күн ішінде бірлесіп келісілуі тиіс, арбитрді таңдау бойынша келісімге келе алмаған жағдайда, соңғысын кез келген Тараптың өтініші бойынша Британ есептеуіш техника қоғамының Президенті (немесе Президент тағайындаған және оның міндеттерін уақытша атқарушы тұлға) тағайындайды. Егер жоғарыда аталғанның ережелері Сіздің мемлекетіңіздің заңымен тыйым салынса, тыңдау: (i) Алматыда, Қазақстанда; (ii) ағылшын тілінде; (iii) Халықаралық Арбитраждық Соттың Арбитраж Ережелеріне сәйкес («ХАС Ережелері»); және (iv) ХАС Ережелеріне сай тағайындалған бір арбитрмен өткізілуі тиіс; арбитрдің кандидатурасы Тараптармен арбитр тағайындалған күннен бастап 30 күн ішінде бірлесіп келісілуі тиіс, арбитрді таңдау бойынша келісімге келе алмаған жағдайда, соңғысын бейтарап үшінші бір тарап тағайындайды. Тараптар арасында туындайтын немесе Сізден басқа кез келген тұлға қатысатын қандай да бір даулар «RIM»-нің алдын ала жазбаша келісімінсіз біріктіріле алмайды.

Осы Шектеулі кепілдік жарамсыздығы немесе оның заңды күшінің жоқтығы жайында шешім шығарылған жағдайда, мұндай жарамсыздық немесе заңды күшінің болмауы қалған Шектеулі кепілдікке қолданылмайды, мұндай Шектеулі кепілдік белгілі бір ереженің не ережелердің жарамсыздығын немесе заңды күшінің жоқтығын қамтымайтын кепілдік ретінде талқыланады (шарттың басталмау жағдайларын қоспағанда); Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері тиісінше талқыланады әрі іске асырылады.

Егер осы Шектеулі кепілдік ағылшын тілінен өзге тілге аударылатын болса, ағылшын тіліндегі көшірменің және оның кез келген аудармасының мағыналарында шиеленісулер немесе сәйкессіздіктер болған жағдайда ағылшын тіліндегі көшірме басымдыққа ие болады.

Осы Шектелу кепілдік пен «BlackBerry» Аппараттық қамтамасыз ету пакетіне кіргізілген кез келген кепілдіктің арасында сәйкессіздіктер болған жағдайда осы Шектеулі кепілдіктің ережелері қолданылады.

© 2006 «Research In Motion Limited». Авторлық құқықтар қорғалған. «BlackBerry» мен «RIM» белгілеріне, бейнелері мен символдарына эксклюзивті меншік құқығы «Research In Motion Limited» тиесілі. «RIM», «Research In Motion», («Әрқашанда жұмыс үстінде, әрқашанда байланыста», «Конверт өз қозғалысында» символдары және «BlackBerry» логотипі АҚШ-тың патенттер және сауда маркалары жөніндегі департаментте тіркелген, сондай-ақ олар басқа елдердің қарауында немесе тіркелуінде болуы мүмкін. Қалған барлық сауда маркалары, өнім атаулары, компаниялар атаулары, фирмалық және сауда белгілері оларды тиісті иелерінің меншігі болып табылады. Тасымалды өнім және/немесе тиісті бағдарламалық қамтамасыз ету авторлық құқықтармен, халықаралық шарттармен және әр түрлі патенттермен қорғалған, әрі мынадай АҚШ патенттерінің бірі немесе одан астамы кіреді: 6,278,442; 6,271,605; 6,219,694; 6,075,470; 6,073,318; D,445,428; D,433,460; D,416,256. Өзге патенттер әр түрлі елдерде тіркелген немесе олардың қарауында жатыр. Қазіргі уақытта қолданылатын патенттердің тізімі www.rim.net/patents.shtml веб-сайтында көрсетілген.